

Е.Н. Дауенов\*

«Торайғыров университеті» КЕАҚ, Павлодар, Қазақстан  
(Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: dauenov88@mail.ru\*)

## Білім беру жүйесінде аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлік негізінде дамуы

Мақалада автор ХХІ ғасыр басындағы (2003 ж.) парадигмалық тұжырымның тарихи-логикалық жүйенің сақталуына жаңа дүниетаныммен қараудың мәнін айқындаған. Филогендік бағыттағы пәндерде жаңа пәлсапалық, парасаттылық ұстанымның нұсқалы құрылуының нәтижеге бағдарлануы жайлы ой-пікір — бүгінгі Қазақстан Республикасында рухани байлық саналады. Сонымен қатар мақалада студенттердің деңгейліктерін жеке мүмкіндікке бағдарлаудың маңызы айқындалған. Эксперимент жұмысын өткізу барысында «Білім алушылардың білім нысаналарына аксиологиялық дүниетанымын дамыту» моделін құру мақсаты іске асырылған. Модельдің жүзеге асырылуының өзі білімнің инновациялық технологияларын тиімді қолдану іскерлігімізге байланысты. Білім мазмұнынан рухани құндылықтарды саралау барысында проблемалық, модульдік, кәсіби-бағдарлық технологиялардың бірлігінде нәтижеге жетудің мүмкіндігі дәлелденген. Мәселені шешуде бағдарламалық технологияның қажеттігі байқалған. Аталып отырған технологияларда ақпараттық технологияның қолданылуының мәнділігі анықталған. Осының бәрін іске асыруда эмпирикалық, алгоритмдік, стохастикалық, парадигмалардың теориялық негізі тәжірибеден көрініс табу қажеттігі жан-жақты дәйектелген. Білім беруші мен білім алушының жалпы білім мазмұнындағы қажетті құндылықтарды тағылымдық деңгейде сұрыптау білім беретін нысаннан тексерілуі нәтижеге қол жеткізбек. Кез келген макроэлемент ішкі микроэлемент бөліктерінен құралады. Білім алушының әрбір жаңа сабақ барысында перцептивті қабылдауы білім берушіге белгісіз болып келуін ескеруді стохастикалық парадигмамен дәлелдеуге мүмкіндік туғызу қажеттігін ғылыми тұрғыда дәлелдеу аксиологиялық парадигманы жүзеге асыруымыздың моделін құруымызға бірден-бір көмегін тигізер материал.

*Кілт сөздер:* білім алушы, қайталаным, эмпирикалық, эвристикалық, деңгей, проблеманы-зерттеушілік, шығармашылық, креативтік, парадигма, көрсеткіш.

### *Кіріспе*

«Аксиологиялық парадигма» аталымы Қазақстан Республикасында ХХІ ғасырдың бас кезінен бастап қолданысқа ене бастады. Дегенмен, аталған ұғым бірден арнайы зерттелгенімен, ғылыми жұмыстар бірен-саран десек, қателеспейміз.

Қазақстан Республикасында аксиологиялық парадигманың ХХІ ғасырда көрініс беруі және оның ұлттық бірегейлік негізінде ілгерілеу динамикасын қарастыру тұрғысында зерттелді.

Л.С. Выготский [1] еңбегінде білім алушыға қатысты рухани құндылық әрбір ұсынылған оқу нысанының авторлық ұстанымы мен оның ең маңызды тұстарын дәл табуды, сол аумақтың не айтқысы келгенін интерпретация жасай алудағы ойлау шегін ескеру қарастырылған.

А.Н. Леонтьев [2] білім жүйесінде білім меңгерудің қызметі, индивидтің санасы, оның тұлғалық келбетінің рухты болуы сияқты мәселелерді шешудің психологиядан әдіснамалық негіздерін айқындағаны бүгінгі білімді меңгерту үдерісіне айрықша құндылық.

Сананың өрлеу динамикасын үнемі алға ілгерілетудің тұлғалық іс-әрекеттік бағыттарын анықтап, оны тәжірибеде «Мен» есімдігін локальді қолданудың перцептивті, апперсепселі өсімдік, өнімдік мәнін дәлелдеген.

Десек те, талданған ғылыми еңбектерде аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікке сәйкес зерттеу үдерісі айқын ашылмағаны жұмысымыздың көкейкестілігін аңғартады.

### *Материалдар мен әдістері*

Бұл мақалада мына тәсілдер пайдаланылды:

– әдіснаманы тағылымдық талдау, философиялық білім, психологиялық тарихи әдебиеттерді саралау, жүйе тұтастығын сақтау әдісі, жүйелеу, фактілерді жинақтау, құжаттармен жұмыс, әдеби

көздерді саралау, жобалау, үлгілеу, матрицаға салу, анкета алу, тесті өткізу, байқау, бағамдау әдістері.

*Нәтижелер және талқылау*

Жоғары оқу орны және мектептердегі дидактикалық мәселелерге қатысты Е. Жұматаеваның ғылыми жұмыстарын атап өткен орынды. Е. Жұматаеваның [3] ғылыми зерттеу еңбегінде аксиологияның алғышарты ретінде «Жоғары мектепте дидактиканың даму кезеңдері» тарихи-диалектикалық тұрғыда анықталған. Құндылық ретінде бұл еңбекте сараланған ғылыми тұжырымдарды құрастырған төмендегі матрицадан байқауға болады:

Дидактиканың даму үдерісінің ғылыми негіздері								
Тарихи-интеллектуалды даму кезеңінің үш иерархиясы	Адамды оқыудың қазіргі жаңа үдерісінде оның барлық өмір сүру кезеңін тұтас қарастыруы	Студенттердің оқу іс-әрекетінде өзін-өзі танудың психологиялық, философиялық бірлігі	Л. Клинбергтің дидактикаға қатысты онтогенезис теориясын қолдану амалдары	Парасатты іс-әрекеттегі тұлғаның моделін құра алу шеберлігін ширатылуы	Студенттердің интеллектуалды білім жию іс-әрекетінің алгоритмдік парадигмасы	Жоғары мектепте студенттердің оқыудың дидактикалық біртұтас жүйенің технологиясы	Студенттердің іс-әрекеттік қатысуының креативтік көрінісі	Демеуші және инновациялық білімді ажырату өлшемдігі

Матрица 1. Е. Жұматаеваның еңбегіндегі рухани құндылықтың құрамдары

Зерттеуші XXI ғасыр басындағы (2003 ж.) парадигмалық тұжырымның тарихи-логикалық жүйенің сақталуына жаңа дүниетаныммен қараудың мәнін айқындаған. Филогендік бағыттағы пәндерде жаңа пәлсапалық, парасаттылық ұстанымның нұсқалы құрылуының нәтижеге бағдарлануы жайлы ой-пікір — бүгінгі Қазақстан Республикасына рухани байлық болып есептеледі. Деңгейліктерге саралану үдерісін төмендегі түзілімнен байқауға болады:

1. Қайталаным — репродуктивті деңгей, білім мазмұнын алгоритмге салу.
2. Эмпирикалық деңгей — берілген ақпаратты құбылыстар мен үдерістерге жіктеп, ең маңыздысын бөлек, қосымшасын жекелеу сияқты іс-әрекетке түсу.
3. Эвристикалық деңгей ұсақ мәселелерді тізбелеп, оның тұтас жиынына интерпретация жасау.
4. Білім мазмұнындағы проблемалы-зерттеушілік іс-әрекетінде қайшылықты тауып, оның шешілу түйінін парасаттау.
5. Шығармашылық деңгейі — мемлекеттік стандарт шегіндегі білім мазмұнына студенттердің жаңа дүниетанымын құра алу шеберлігі.
6. Креативтік деңгей — мемлекеттік стандарт ауқымынан тыс бағам, пікір, ой-тұжырымдардың феномені бұрынғыдан тың, қайталанбаған мәнде келуі.

Біздің экспериментте жұмысымыздың деңгейліктерін жоғарыдағы түзілімге негіздеп өткізуді жөн көрдік.

Алдыңғы әдіснамалық-теориялық нысандарды негізге ала отырып, біздер төмендегідей эксперимент жұмыстарын жүргіздік.

Эксперименттің бақылаушы кезеңінде білім алушылармен интервью өткізілді. Интервьюді зерттеу жұмысының тағылымдық мәнін айқындау мақсатында төмендегідей сауалдар әзірленді:

1. Неліктен педагогика ілімінен бұрын аксиологиялық парадигманың негізі ретінде психологтардың еңбектері алынған?
2. Л.С. Выготскийдің зерттеу еңбектерінде ойлау шегінің көрінісі қалай зерделенген?
3. Л.С. Выготский ойлау іс-әрекетінің «жақын аумағын» қалай анықтаған?
4. А.Н. Леонтьев білім меңгеру қызметін нұсқалы тұрғыда қалай жіктеген?
5. Р.С. Немовтің психология ілімінің білім алушыға қандай әсері бар екеніне тұжырым жасайсыз ба?
6. Р.С. Немов сезім мүшелерінің ойлау-пайымдауға ықпалын қалай көрсеткен?

7. Л.С. Рубенштейн «тән», «жан», «қуат» сияқты нысандардың санаға әсерін қалай зерттеген?

8. Ж. Аймауытов еңбегінде «жұлма жад», «пәлсапалық жад», «ой сандығы», «соқыр сезім», «саңылау сезім» секілді ұғымдардың адам табиғатында қандай көрініске ие болуы жөнінде қандай ой-бағам айтар едіңіз? және т.б.

Осындай сауалдарды бақылау тобы мен эксперименттік топқа қатысты оқушылармен сауалнама ұйымдастырдық. Оған қатысқаны — 284 оқушы. Бақылау тобындағылар дәрістегі айтылғанды қайталап берді. Жалпы олардың деңгейлері қайталанымнан аспады (142 бала бақылау тобы). Ал эксперимент тобының алғашқы кезеңіне қатысқандар (142 бала эксперимент тобы) 80 оқушы – эвристикалық деңгейге жауап берді, 42-сі шығармашылық деңгейге, 12-і шығармашылық, 8-і креативтік деңгейге жауап берді. Экспериментальды топтағы оқушылар дәріс шегінен артық, өздігінен ой-бағам жасай алатындарын дәлелдеді. 8 оқушы өздігінен 40% ғылыми тұжырымдарды ерекше, феномені жоғары дәрежеде құра алатындарын дәлелдеді.

**Зерттеу барысында біздер төмендегі №1 кестені модельдің доминанттық тірегі ретінде қызмет атқаратын деген оймен ұсынып отырмыз.**

Кесте 1

#### Аксиологиялық парадигманың ғылыми-әдіснамалық алғышарттары

№	Зерттеушілердің аты-жөні	Зерттеушілердің жаңа педагогикалық дүниетанымға негіз болар еңбектерінің түйіндемелері
1	Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Платон, Аристотель	«Рух», «тән», «жан» жайлы тұжырымдарын классикалық мәнде құрған, білімнен ғылым, ғылымнан қуат алу ілімдері қарастырылған
2	Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов	Жанашыл демократ-ағартушылар. Ойлау өнерінің білімі-ғылыми қарымын психологиялық-педагогикалық-қоғамдық деңгейде зерттегендер (XIX ғасыр, XX ғасыр)
3	Фома Аквинский, Св. Франциск (мистик)	Сананың конвергенттігін жаратушы неге тәуелді екеніне сүйенген, схолостикалық және мистикалық бағытта зерделенген
4	В.А. Слостенин, А.И. Мищенко	Аксиологиялық, гносеологиялық, онтологиялық, стохастикалық және т.б. парадигма түрлерін алғаш зерттеген ғалымдар

Берілген кестеден байқағанымыз, Қазақстан Республикасындағы зерттеушілердің парадигманы жеке педагогикалық білім беру жүйесінде аксиологиялық парадигманың пайда болуы, оның XXI ғасыр басында нұсқалы тұрғыда көрініс беруі жайлы жете қарастырылмағаны байқалды. Кестедегі жіктелген ғылыми нысаналар XXI ғасырдың білім беру үдерісіне ғылыми-тарихи мәнде субстанция болатынына көзіміз жетті.


Аксиологиялық парадигманы түсіндірілуіне қатысты әзірліктің жүйелі болуларына талдау жасай аларлық индикаторлары мен өлшемдіктерін, көрсеткіштерін құрадық (кесте 2).

Кесте 2

#### Аксиологиялық парадигманы түсінерлік тапсырмалар мен нәтижелілікті өлшеудің кешенді құрамдық-бөліктері

Индикаторы	Көрсеткіштері	Өлшемдіктері	Бағалауы
Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи құндылық жайлы тағылымы (онтологиялық)	Білім алушы меңгерген білімнен рухани құндылықты игеруі	Білім мазмұны ретінде алынатын пәннің ішкі құндылықтарының саралануы	Эксперт бағасы
Ұлттық білімнен шынайылықты құндылық ретінде тануы (гносеологиялық)	Меңгерген білімі-ғылыми еңбектерден өзіне қажетті ойлау өнерін өрістету іскерлігі	Әрбір меңгерген білімге тағылымдық таныммен қарау, оның өмір сүруге қуат көзі болуын бағамдау, өзіне қажетті күш жиюы білім мен ғылым арқылы	Эксперт бағасы
Ақиқаттық	Орындаған жұмыстан өзіне ғибрат алуы	Ұсынылатын тапсырмада құндылықтың орын алуы	Эксперт бағасы
Табыстылыққа апарар білім мен ғылым	Қоғам өзгерісіне ілесерлік жаңа философиялық дүниетаным	Алгоритмдік, эмпирикалық, стохастикалық парадигмаларды аксиологияны табуға қолдану	Эксперт бағасы
Білім игерудің инновациялық технологияларын іс-әрекетке қолдануы	Нәтижеге апарар, бағдар жасар білімденудің жеке мүмкіндік өркендету ұшқырлығын шыңдауы	Ойлау өнерін білім алушы пәннің құндылықтарымен өркендете алу амалдары мен әдіс-тәсілдерін ширату, алдыңғы білімімен келесісін салыстыру	Эксперт бағасы

Эксперимент жұмысын өткізу барысында «Білім алушының аксиологиялық парадигмасын ұлттық бірегейлік негізде дамыту» моделін құру мақсатын іске асыруды жөн көрдік.



### Білім алушының аксиологиялық парадигмасын ұлттық бірегейлік негізде дамытудың моделі

Білім алушының аксиологиялық парадигмасының дүниетанымдық деңгейге жеткенін анықтау барысында жоғарыда атап өткен мектептерден бақылаушы, білім алушылар, экспериментальді топта жұмыс өткізілді. Оған 284 білім алушы қатысты. Эксперимент өткізу кезеңдері: 1) анықтаушы; 2) қалыптастырушы; 3) бақылаушы. Әрбір аталған кезеңдердің қорытындысында білім алушылардың тарихи-мәдени, білім мен ғылыми-тезаурустық түзілімдерден меңгерген рухани құндылықтары, аксиологиялық парадигманы интеллектуалды әлеуетіне тиімді қолдана алу шеберлігіне мониторинг қорытындысы шығарылуы көзделеді. Деңгейліктердің жіктелімін құру үдерісінде: 1) тұлғалық болмыс; 2) қажетсіну уәжі; 3) құндылықты ізгілікке бағдарлау; 4) өзінің интеллектуалды әлеуетін ұдайы аксиологиялық парадигмамен дамыту іскерліктері ескерілді.

Жұмыстың қорытындысы алдымен анықтаушы және бақылаушы эксперимент төмендегі №3 және №4 кесте де ұсынылды.

## Білім алушылардың аксиологиялық парадигмасының дамуы

Деңгейліктер Құрам- бөліктері	Репродуктивті эксперимент		Зерттеушілік, шығармашыл		Креативтік	
	Анықтаушы	Экспер-к	Бақылаушы	Экспер-к	Бақылаушы	Экспер-к
	Білім алушы %	Білім алушы %	Білім алушы %	Білім алушы %	Білім алушы %	Білім алушы %
1 Оントологиялық: тұлғалық болмыс	152 / 52,8	155 / 55	92 / 32	88 / 31	44 / 15,2	40 / 14
2 Қажетсіну уәж	162 / 56,3	158 / 55,7	84 / 29,2	78 / 27,5	42 / 14,2	48 / 16,8
3 Құндылықты ізгілікке бағдарлау	158 / 54,9	150 / 52,8	86 / 29,9	94 / 33,1	44 / 15,2	40 / 14,1
4 Интеллектіні ілгерілетуде аксиологиялық парадигманы дамыту	166 / 57,6	158 / 55,6	96 / 33,8	90 / 31,7	26 / 8,6	36 / 12,7

№4 кесте білім алушылардың аксиологиялық парадигмасының дамуының бақылаушы кезеңнің қорытындысымен ұсынылды. Бұл кезеңнің ортасында қалыптастырушы кезең анықтаушы кезеңнен сәл жоғары болғандықтан, бақылаушы кезеңге дейін білім алушыларға ұсынылған элективті курс материалын аксиологиялық парадигма тұрғысында меңгерулеріне инновациялық технологиялары қолданылды. Ой қайталау үшін жоғарыдағы ойлау өнерін жоғары деңгейге, креативтік деңгейге дейін жеткізер мүмкіндіктер жасалды. Салдарынан біздер бақылаушы кезеңнің қорытындысын ұсынып отырмыз.

## Білім алушылардың құндылықты ажыратарлық аксиологиялық парадигмасының дамуы

Деңгейліктер Құрам- бөліктері	Эмпири-к, эвристика-к		Шығармашыл		Креативтік	
	Бақылау	Экспер-к	Бақылау	Экспер-к	Бақылау	Экспер-к
	Білім алушы %	Білім алушы %	Білім алушы %	Білім алушы %	Білім алушы %	Білім алушы %
1 Онтиологиялық: тұлғаның кемелденуі	156 / 54,1	56 / 19,7	88 / 30,5	110 / 38,7	44 / 15,2	118 / 41,6
2 Қажетсіну уәжінің алға ілгерілеуі	160 / 55,5	62 / 21,8	88 / 30,5	112 / 39,4	40 / 14	110 / 38,8
3 Құндылықты ізгілікке бағдарлауы	154 / 53,5	86 / 30,3	88 / 30,6	112 / 39,4	46 / 15,9	86 / 30,3
4 Интеллектіні ілгерілетуде аксиологиялық парадигманы дамыту	162 / 56,3	68 / 24	92 / 31,9	116 / 40,7	34 / 11,6	100 / 35,3

## Қорытынды

Біздер модель құруда алдыңғы зерттелген ғылыми еңбектердің ХХІ ғасыр басындағы педагогикалық білім беру жүйесінде аксиологиялық парадигманың Қазақстан Республикасында көрініс беру үдерісінің қаншалықты алға ілгерілеуін анықтау мәселелерінің шешілуін ескеруді жөн көрдік.

Кез келген макроэлемент ішкі микроэлемент бөліктерінен құралады. Білім алушының әрбір жаңа сабақ барысында перцептивті қабылдауы білім берушіге белгісіз болып келуін ескеруді стохастикалық парадигмамен дәлелдеуге мүмкіндік туғызу қажеттігін ғылыми тұрғыда дәлелдеу біздің аксиологиялық парадигманы жүзеге асыруымыздың моделін құруымызға бірден-бір көмегін тигізер материал.

Эксперимент өткізу алаңы ретінде жалпы білім беретін №1, №22, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған Облыстық қазақ гимназия-интернаты, Абай атындағы №10 мектеп-лицейі, Павлодар қаласы және т.б. Қазақстан Республикасының мектептері алынды.

Проблеманы шешуде программалық технологияның қажеттігі байқалды. Аталып отырған технологияларға ақпараттық технологияның қолданылуының мәнділігі анықталған.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Выготский Л.С. Психология развития человека / Л.С. Выготский. — М.: Смысл; Эксмо, 2005. — 1136 с.
- 2 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность / А.Н. Леонтьев. — М.: Политиздат, 1975. — 304 с.
- 3 Жұматаева Е. Жоғары мектепте оқытудың біртұтас дидактикалық жүйесінің теориясы: оқу құралы / Е. Жұматаева. — Алматы: Эпиграф, 2016. — 260 б.
- 4 Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания / Б.Г. Ананьев. — М.: Питер, 2010. — 282 с.
- 5 Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис / Э. Эриксон. — М.: Прогресс, 2006. — С. 28.
- 6 Жарықбаев Қ.Б. Жантану оқулығы / Қ.Б. Жарықбаев. — Алматы: «Эверо», 2010. — 696 б.
- 7 Намазбаева Ж. И. Психология: Оқулық / Ж.И. Намазбаева. — Алматы: Print-S, 2005. — 296 б.
- 8 Төлеубекова Р.К. Этнопедагогика: оқу құралы / Р.К. Төлеубекова, Е. Жұматаева. — Алматы: CyberSmith, 2016. — 400 б.
- 9 Олпорт Г. О. Становление личности: Избранные труды / Г.О. Олпорт. — М.: Смысл, 2002. — 462 с.
- 10 Жұматаева Е. Основы современной дидактики: учеб. пос. / Е. Жұматаева. — Алматы: Эверо, 2016. — 125 с.

Е.Н. Дауенов

#### **Развитие аксиологической парадигмы в системе образования на основе национальной идентичности**

В начале XXI в. (2003 г.) автор определил сущность парадигмального подхода к сохранению историко-логической системы с новым мировоззрением. В дисциплинах филогенной направленности мысль об ориентации на результат версионного построения новой философской, разумной позиции — духовное богатство современной Республики Казахстан. В упомянутом научном труде рассмотрено значение ориентации уровней студентов на индивидуальные возможности. В ходе проведения экспериментальной работы мы решили реализовать цель создания модели «развитие аксиологического мировоззрения обучающихся на объекты образования». Сама реализация модели зависит от умения эффективно применять инновационные технологии обучения. Доказана возможность достижения результата в единстве проблемных, модульных, профессионально-ориентированных технологий при дифференциации духовных ценностей из содержания образования. Отмечена необходимость программной технологии в решении проблемы. Определена значимость применения информационных технологий к указанным технологиям. В реализации всего этого всесторонне обоснована необходимость выработки эмпирической, алгоритмической, стохастической, теоретической основы парадигм. Отбор необходимых ценностей в содержании общего образования обучающимся и обучающимся должен осуществляться из образовательной формы.

*Ключевые слова:* обучающийся, повторение, эмпирический, эвристический, уровень, проблемно-исследовательский, творческий, креативный, парадигма, показатель, индикатор, критерий, эксперимент.

E.N. Dauenov

#### **Development of an axiological paradigm in the education system based on national identity**

At the beginning of the 21st century (2003), the researcher defined the essence of a paradigmatic approach to the preservation of a historical and logical system with a new worldview. In the disciplines of phylogenetic orientation, the idea of orientation to the result of the versioned construction of a new philosophical, reasonable position is the spiritual wealth of the modern Republic of Kazakhstan. The mentioned scientific work defines the importance of orientation of students' levels to individual opportunities. During the experimental work, we decided to realize the goal of creating a model "development of students' axiological worldview on

educational objects". The very implementation of the model depends on the ability to effectively apply innovative learning technologies. The possibility of achieving results in the unity of problematic, modular, professionally-oriented technologies with the differentiation of spiritual values from the content of education is proved. The necessity of software technology in solving the problem is noted. The significance of the application of information technologies to these technologies is determined. In the implementation of all this, the need to develop an empirical, algorithmic, stochastic, theoretical basis of paradigms is comprehensively justified. The selection of the necessary values in the content of general education for students and students should be carried out from the educational form.

*Keywords:* learner, repetition, empirical, heuristic, level, problem-research, artistry, creativity, paradigm, indicator, criterion, experiment.

## References

- 1 Vygotskii, L.S. (2005). *Psikhologiya razvitiia cheloveka* [Psychology of human development]. Moscow: Smysl; Eksmo [in Russian].
- 2 Leontev, A.N. (1975). *Deiatelnost. Soznanie. Lichnost* [Activity. Consciousness. Personality]. Moscow: Politizdat [in Russian].
- 3 Zhumataeva, E. (2016). *Zhogary mektepte oqytudyn birtutas didaktikalyq zhuesinin teoriiasy* [Theory of the unified didactic system of Higher Education]. Almaty: Epigraf [in Kazakh].
- 4 Anan'ev, B.G. (2010). *Chelovek kak predmet poznaniia* [Man as an object of knowledge]. Moscow: Piter [in Russian].
- 5 Erikson, E. (2006). *Identichnost: yunost i krizis* [Identity: youth and crisis]. Moscow: Progress [in Russian].
- 6 Zharyqbaev, Q.B. (2010). *Zhantanu oqulygy* [Textbook of Soul studies]. Almaty: "Evero" [in Kazakh].
- 7 Namazbaeva, J.I. (2005). *Psikhologiya* [Psychology]. Almaty: Print-S [in Kazakh].
- 8 Toleubekova, R.K., & Zhumataeva, E. (2016). *Etnopedagogika* [Ethnopedagogy]. Almaty: CyberSmith [in Kazakh].
- 9 Olport, G.O. (2002). *Stanovlenie lichnosti. Izbrannye trudy* [Formation of personality: Selected works]. Moscow: Smysl [in Russian].
- 10 Zhumataeva, E. (2016). *Osnovy sovremennoi didaktiki* [Fundamentals of modern didactics]. Almaty: Evero [in Russian].